



Алаш жолын елімізде де, халықаралық деңгейде де зерделей түсудің, Алаш идеяларын, әсіресе, жас ұрпаққа таратудың маңызы зор.

**Оның үстіне Алаштың туының астына тек саясаткерлер ғана емес, көзі ашық көкірегі ояу талантты, дарынды, көкжиегі кең азаматтар бас қосқаннан кейін, Алаштың әсері тек саясатқа қана емес, сонымен қатар білімге, ағартушылыққа, мәдениетке, әдебиетке зор ықпал етті.**

**Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,**

**Өткізбей қараңғыда бекер жасты,**

**деп жырлаған Алаш арысы Міржақып Дулатұлының жігерге толы жолдауы бүгінгі рухани жаңғырумен жалғасып жатыр емес пе!**

Қазақстанның Азаттығы жолына бар өмірін арнап, саналы түрде құрбандыққа барған Алаш арыстарының мәңгі өшпес істерінің құндылығы, жүз жылда бір аталып өтетін шара болып қалмауы керек! Мәселен, келесі - 2018 жылы:

**«Не көрсемде Алаш үшін көргенім,**

**Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!**

**Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер,**

**Істей берсін, қолдарынан келгенін –**

деп халқына деген шексіз махаббатын жырлаған, өзі «хакім» деп атап, ұстаз тұтқан Абай салған даңғыл жолды жалғаған, **Алаштың бас ақыны атанған**, қазақ поэзиясының хас шебері Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толады.

**Алаш айбынды ұраны,**

**Қасиетті құраны,**

**Алаштың олар құрбаны,**

**Мен жастарға сенемін.**

**Мен сенемін жастарға,**

**Алаш атын аспанға,**

**Шығарар олар бір таңда,**

**Мен жастарға сенемін!**

**Мен жастарға сенемін !**

Ел тарихындағы тығырыққа тірелген тұста айтылған ақиық ақын Мағжанның жырларының жаңғырығы біздің заманға жетіп, егемен еліміздің еркін ойлы жастарын елшілдікке, патриоттыққа шақырып тұр емес пе?!

Біз бүгін, ақынның өз сөзімен айтсақ, «арыстандай айбатты», «жолбарыстай қайратты», «қырандай күшті» жастарға сенген біртуар тұлға Мағжан сенімінің аманатын ақтауымыз үшін биылғы Алаштың 100 жылдық мерейтойы келесі жылы Мағжан оқуларымен жалғасын тапса деген ұсынысымызды Мәдениет министрлігіне жолдаймыз. Мағжан оқулары алдағы жылы бүкіл республика аумағында өткізіліп, ал оның қорытындысы Мағжан Жұмабаев туған өлкесі Қызылжарда (орысша Петропавл) жасалғаны жөн. Ал болашақта Мағжан оқулары, атаулы даталарда ғана емес, жыл сайын тұрақты өткізіліп тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының басты бағытына сай келетін бұл ұсынысымызды Мәдениет және спорт министрлігі қолдап, қолға алуын сұраймыз.

**Құрметтен,  
«Ақ жол» ҚДП  
Парламенттік фракциясының мүшелері:**

**Б. Дүйсенбинов**

**А. Перуашев**

**Е. Никитинская**

**К. Абсатиров**

**Д. Еспаева**

**Е. Барлыбаев**

**М. Қазбекова**

**«Нұр Отан»  
Парламенттік фракциясының мүшесі:**

**А. Тасболатов**